«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-Р-32/31
06.04.2020

ЖК «Гранд Азия»

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*әрі қарай - Департамент*) Сіздің 19.03.2020 жылғы **№68375** *(19.03.2020 жылы №ЖТ-Р-32 санымен тіркелген)* «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамымен ашық конкурс тәсілімен өткізілген №4042798-1 «*Жүргізушімен микроавтобустарды жалдау бойынша қызметтер*» *(№29952866-ОК2, №29712656-ОК2)* конкурсына қатысты жазылған шағымыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды:

Сіздің «КазАвтоМоторс» ЖШС-не қатысты дәлелдеріңіз расталған жоқ, алайда камералдық бақылаумен басқа да бұзушылықтар анықталды.

Сонымен қатар, Сіздің шағымыңызда заңамаларға қатысты көрсетілген сұраққа қатысты түсіндірулер бойынша Департаменттің құзыретіне кірмейтінің қаперіңізге береді.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9 бабының 1 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

-мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

- жұмыс тәжірибесінің болуы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Ереженің *(әрі қарай - Ереже)* 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың *(бұдан әрі - КҚ)* 2 тармағында осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы КҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес лоттардың тізбесін;

2) **<u>осы КҚ-ға 1-1, 1-2, 1-3 және 1-4-қосымшаларға сәйкес біліктілік талаптары;</u>**

3) осы КҚ-ға 2, 2-1, 2-2 және 2-3-қосымшаларға сәйкес, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін

функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі.

Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталына орналастырылған КҚ-ның 1-4 қосымшасының *(Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)* **4 тармағында:** *«1.Страхование транспортного средства (страхование гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами, страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств) в соответствии с законом РК «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств»; 2. Наличие на праве собственности или аренды транспортное средство, технические характеристики которого соответствуют настоящей технической спецификации;»* және **5 тармағында:** *«1. Наличие водителя категории «D» с опытом работы по специальности не менее 3-х лет, в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 ноября 2014 года №1196 «Правила дорожного движения». (п.1 раздел 22 Правил дорожного движения);»* қатысушы әлеуетті өнім берушілерге <u>қажетті материалдық және еңбек ресурстарының</u> болуы туралы біліктілік талаптары қойылғандығы анықталды.

КҚ-ның 6 қосымшасының 4 және 5 тармақтарының *«растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету үшін қажет талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының бар екендігі туралы мәліметтер»* болатындығы көрсетілген.

Ереженің 150 тармағының 1 тармақшасында *«әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы»* деп көрсетілген, яғни, конкурстық құжатамаға 6 қосымшасының Ескертудің 4 тармағында *«Жұмыс өтілі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс өтілін растайтын құжат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірменің немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады»* делінген.

Камералдық бақылаумен «КазАвтоМоторс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі біліктілік талабына сәйкес келмейтіндігі анықталды, яғни «КазАвтоМоторс» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметтерінің конкурстық құжаттамаға 6 қосымшасының 5 тармағында *«1. Наличие водителя категории «D» с опытом работы по специальности не менее 3-х лет, в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 ноября 2014 года №1196 «Правила дорожного движения». (п.1 раздел 22*

Правил дорожного движения);» жүргізуші Д.Т.Гизатовтың 3 жыл жұмыс тәжірибесіне қатысты құжаттары толық ұсынылмағаны анықталды.

Осы ретте, конкурстық комиссия тарапынан Ереженің 150 тармағының 1 тармақшасы бұзылып, біліктілік талабына сәйкес келмейтін «КазАвтоМоторс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілгендігі анықталды.

Сондай-ақ, камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының 19 тармағының 2 абзацына сәйкес жүргізілді.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 7 тармағына және ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына талаптарына сәйкес шағымдануға, соның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануыңызға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Сейтфеев
Тел:87122319038